

## ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫ БАСҚАРУ

Цифрлық экономиканың дамуы әлеуметтік – экономикалық саланың дамуына оның ішінде еңбек қатынастары саласында көптеген өзгерістерді алып келді. Жалпы цифрлық экономикада коммуникациялық технологияларды және мінез-құлықтың жаңа нормаларын қалыптастыру, яғни материалдық игіліктерді жинақтау қоғамның басты мақсаты емес екенін көрсетті.

Қазіргі кезге дейін еңбек нарығы цифрлық технологиялардың ықпалымен өзгерген жоқ, алайда экономиканың жылдамдатылған цифрлануы салалар мен мемлекет алдына жаңа міндеттер қойды. Осылайша, цифрлық экономиканың пайда болуы еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың өзгеруіне, адами капиталға салым салуға және оны сапалы жақсартудың жаңа тәсілдеріне, адамдардың жаңа жағдайларға бейімделуіне, мемлекет тарапынан бағдарламалық шараларға жылдам ден қоюды талап етеді. Сол өзгерістердің бірі ол – мемлекетіміздің әлеуметтік жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру болып табылады [1].


Әлеуметтік - еңбек саласын цифрландырудың басты мақсаты әкімшілік рәсімдерді оңайлату, зияткерлік талдау және болжау жүйесін дамыту арқылы шешімдер қабылдау процестерін оңтайландыру, сондай-ақ азаматтардың әлеуметтік көмек пен оларды қолдаудағы барынша ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

Қазіргі кезде әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі 11 бағыт бойынша жұмыс істейді: еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік сақтандыру, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік қолдау, арнаулы әлеуметтік қызметтер және көші-қон.

Соған сәйкес Цифрлық Қазақстан аясында үш ауқымды жобаны жүзеге асыруда. Ол 1 суретте көрсетілген.

Жалпы бірінші бағыт бойынша келесі мақсаттарды жүзеге асырады: мүгедектер үшін қызмет сапасын арттыру, әлеуметтік қызметтер порталын енгізу жолымен әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін, сондай-ақ қолайлы зейнетақымен қамсыздандыруды жетілдіру.

Екінші бағыт бойынша - азаматтарды жұмысқа орналастыру процесі электрондық форматқа көшіріліп, жұмыссыз адамдар мен бос жұмыс орындар базасы жасалды. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, жыл басынан бері 93 мың азамат Биржада тіркелді, ал 71 мыңнан астам адам оның көмегімен жұмыс тапты. Жұмысқа орналасу саны өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 30%-ға өсті.



Сурет 1 . Әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру

Үшінші бағыт электрондық еңбек шарттарын есепке алу жүйесі қазіргі кезде өзекті болып келеді және бұл тәжірибе көптеген елдерде қолданылуда. Электрондық форматқа көшірілген еңбек шарттары көптеген мүмкіндіктерге ие. Яғни қағаз түріндегі еңбек кітапшаларынан және басқа да қағаз құжаттардан (мекенжай анықтамасы, медициналық анықтамалар, аттестат, диплом, паспорттық деректер, резюме және т.б.) бас тартуға мүмкіндік береді [2].

Қорытындылай келе, "Цифрлық Қазақстан" экономикалық институттардың жұмыс істеуінің жаңа, прогрессивті нұсқасы ретінде цифрлық экономикалық жүйені құру басқару саласында